21165412146

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 мамыр №7119-24-00-2/4397 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев,
сот отырысының хатшысы Д.Х.Баккараева,
ашық сот отырысында ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Айткулова А.С.» атты жеке кәсіпкер Акмарал Сайфоллақызы Айткулова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану,
2.тұрақсыздық айыппұлды өндіру;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Г.Ищанова,
талап қоюшының өкілі А.Ж.Тусупбаева,
жауапкер А.С.Айткулова,
аудармашы Д.Е.Саметаева;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 24 қаңтарда «Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – МКҚК) мен «Айткулова А.С.» атты жеке кәсіпкер Акмарал Сайфоллақызы Айткулова (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №002 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Жауапкер шартының талаптарына сәйкес орындаушы ретінде ай сайын 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін талап қоюшыға бағасы 598 000 теңге

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 13.05.2024
Дата вступления в законную силу: 14.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 19.06.2024
7119-24-3-6/354

құрайтын Автоматты өрт дабылына техникалық қызметтерді көрсетуге, ал талап қоюшы тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдауға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші 2023 жылғы қараша айынан бастап техникалық сипаттамаға толық сәйкес қызметтерді көрсетпей шарттық міндеттемелерді толық орындамады, нәтижесінде тапсырыс берушінің ғимараты өрт дабылы бойынша толық камталмаған.

Осыған байланысты, 2023 жылғы 27 желтоқсанда шарт біржақты бұзылған.

Сондықтан, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан 11960 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талаптарды қолдап, оларды қанағаттандыруды сұрап, қазіргі уақытта көрсетілмеген қызметтер бойынша жаңа сатып алу жүргізіліп жаңа өнім беруші жағынан шарт тиісті орындалып жатқанын көрсетті.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызбен қарсы пікірде көрсетілген уәждерге сәйкес келіспейтінін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Тараптарды тыңдап, прокурордың талап қою қанағаттандырылуға жатады деген қорытындысын ескеріп, азаматтық іс материалдарын зерделей отырып, сот келесіге келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Жасалған шарт негізінде қызметтерді көрсету мәселелері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 683-бабымен реттеледі.

Азаматтық іс материалдарынан жасалған шарт негізінде тараптар шарт талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдағаны шығады.

Бұл ретте қызметтердің атауы, олардың нақты техникалық сипаттамасы мен құны, олардың орындау мерзімі мен тәртібі, оларға ақы төлеу тәртібі шартта және оларға қосымшаларда көрсетіледі.

Алайда, жауапкер шарттың талаптарын бұзды және белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке толық түрде сәйкес келетін қызметтерді көрсетпеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір жағымсыз салдардың басталуына әкелді.

Қазіргі уақытта шарт біржақты бұзылған және міндеттеме тиісті толық орындалмаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 43-бабы 23-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 13.05.2024
Дата вступления в законную силу: 14.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 19.06.2024
7119-24-3-6/354

Талап қоюшының талап арызын қарау кезінде сот орындаушыға қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді ұсынады. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот талап қоюшының шарттың міндеттеріне сай жұмыстар мерзімінде, толық және нақты көрсетілу қажет деген уәжін негізді деп санайды.

Бұл мән-жайлар жауапкердің шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындауға қатысты 272, 273-баптарының талаптарын бұзғанын көрсетеді және сәйкесінше оның әрекеттерінде АК-нің 349-бабына сай шарттың талаптарын және Заңның ережелерін бұзу орын алғанын көрсетеді.

Осы баяндалған жауапкердің тарапынан шартты тиісті түрде орындауда жосықсыздық болғанын дәлелдейді. Бұл ретте орындаушының кінәсін теріске шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Өз кезегінде, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануы жауапкердің әрекетшілдігін толық уақытша тоқтату түріндегі салдарларға әкеп соқпайтындығын және тек мемлекеттік сатып алу саласында ғана белгілі бір шектеулерді қолдануды көздейтіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар, сот жауапкердің әрекетсіздігінен тапсырыс беруші өрт қауіпсіздігіне душар еткендігін ескереді.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Дәлелдемелер мен іс мән-жайларының жиынтығына сүйеніп, талап қоюшы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтағанын ескеріп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңмен реттелгенін назарға алып, сот талап қою заңды, негізді және қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді, себебі жауапкер өзінің баға ұсынысын ұсына отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысқан, бұл Заңның 38-бабының 4-тармағына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, өнім берушінің қызметтерді көрсетуге келісім білдіру нысаны болып табылады.

Алайда, одан әрі шарт жасап, жауапкер өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиісті түрде толық орындамаған, сөйтіп АК-нің 272, 277-баптарының ережелерін бұзған.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 13.05.2024
Дата вступления в законную силу: 14.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 19.06.2024
7119-24-3-6/354

Мұндай мән-жайларда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта жауапкермен 11 960 теңге мөлшерінде төлем жасалғанына байланысты талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз жатады.

Сот шығындары төленгендеріне байланысты өндірілуге жатпайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «Айткулова А.С.» атты жеке кәсіпкер Акмарал Сайфоллақызы Айткуловаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Айткулова А.С.» атты жеке кәсіпкер Акмарал Сайфоллақызы Айткулова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «Айткулова А.С.» атты жеке кәсіпкер Акмарал Сайфоллақызы Айткуловаға тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 13.05.2024

Дата вступления в законную силу: 14.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 19.06.2024